

# Балалардан балғын жыр

## ӘКЕ ТУРАЛЫ ЖЫР

Әке деген - ұлы тұлға, ұлы есім  
Шаңырақтың шаттығына иесін  
Ұрпақ қамын ойлап ылғи жүресін  
Олар үшін отқа болсын күйесін

Көңіліңе кірбін түссе кейде сен  
Жауар бұлттай қабағыңды түйесін  
Сәл ғана бір жадырасаң өмірің  
Күн болып келіп бетімізден сүйесін

Әке деген - ұлы тұлға, ұлы есім  
Күнім болып шуақ шашып күлесін  
Менің сәби жүрегімнен жыр туып  
Өлеңімді сізге ұсынсын өз үлесім

Ұйқы көрмей алаңдап  
Таң атырған жан ана  
Балам жесін дегенмен  
Бал алдырған жан ана

Күнім-айым дейтұғын  
Қалған тамақ жейтұғын  
Бәрін беріп біздерге  
Аш қалма балам дейтұғын

Таса қалсаң көзінен  
Алаңдайтын балам деп  
Балам деп соғар әрдайым  
Ана жүрегі аяулы

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҰЛЫМЫН

Өр тұлғалы халықтың  
Шайқастарға барып мың  
Жауға шапқан қасқая  
Қазақтың қайсар ұлымын

Ұрпағымыз батырдың  
Ақиық ата ақынның  
Көмейінен жыры төгілген  
Мақтанышы болам халқымның

Білім алып,  
көп оқып  
Өсиетін ұғып  
дананың  
Үлгілі де талапты  
Мақтаны болам  
ата-ананың

**Баймұрат  
Бекболатұлы**



**Айсымбат  
Аманкелдіқызы**

## АНА ЖҮРЕГІ

Балам деп соққан жүрегі  
Отбасының тірегі  
Аяулы ана ардақты  
Аман болсын барлығы



# Физика және салауатты өмір салты

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz>, Жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің, Жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында клуб және үйірме апталығында өткен "Эврика" жас физиктер үйірмесі аясында "Физика және салауатты өмір салты" атты мақсатпен танымдық іс-шара өтті.

Бұл іс-шараға "Эврика" жас физиктер үйірмесінің мүшелері яғни физика және математика пәндерін тандаған тыңдаушылар қатысты. Шараның басты мақсаты денсаулық үшін қауіп-қатер туралы, соның ішінде темекі шегудің зияны туралы ақпаратты физикамен байланыстыра беру, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Зиянды әдеттерден арылу жолы қаралып, темекінің нәліктен зиянды екендігі туралы тереңірек ақпарат берілді.

Тыңдаушылардың физика пәнінен алған білімін салауатты өмір салтын қалыптастыруға көмектесетіні ашып айтылды. «Физика және салауатты өмір салты» атты іс шара бірнеше кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде никотиннің физикалық тұрғыдан зиянды жақтары кеңінен қарастырылды. Екінші кезең «Елеңдетер деректер» Сен білесің бе? деп аталады. Мұнда темекі туралы көптеген қызықты мәліметтер берілді. Үшінші кезеңде темекінің зияны мен пайдасы салыстырылады. Яғни пайдасынан оның зияны басым екендігі дәлелденеді. Төртінші кезең «Не білдік?» Викториналық сұрақтар қойылды. Соңғы кезеңденасыбай, темекі мен арақтың өзара үшеуінің арасындағы айтыс жасалды. Тыңдаушыларды қазіргі сәнге айналған электронды темекімен жаман әдеттерден сақтандыру, ішімдік пен темекінің жас ағзаға зиянды, әр – түрлі жөтел, асқазан тері аурулары осы никотин мен алкогольдің әсерінен болатыны туралы ақпарат толықтай берілді. Бірінші байлық – денсаулық демекші, оны сау кезінде бағалайық. Он екі мүшеміз аман-есен, күш-қайратымыз, ерік жігеріміз тасып тұрған шақта оны мағыналы істерге жұмсайық. Электронды темекі, вейптар-өзіңізді алдау. Табак өндірушілердің жарнамасына еліктемей, өзіңіздің, келешек ұрпағыңыздың саулығын ойлаңыз. Денсаулық — тек жеке бастың ғана емес, ұлтымыздың ұлы игілігі. Осыны ескере отырып, салауатты өмір салтын ұстануға ұмтылайық! Зиянды әдеттерден барынша аулақ болып, қоғамда ұлттық тәрбиемізді нығайтып, жандандырайық деген жалынды сөздермен аяқтадық.

Қоғамның ілгері дамуына кері әсерін тигізіп, жас ұрпақтың санасы мен өмірін уландыратын кеселден аулақ болуыносылай ұғындыруға тырыстық.

**ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы аға оқытушы Буланова Т.М.  
аға оқытушы Әділханова Ж.С. оқытушы Қасымова К.А.**

## БИОЛОГИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

Қазақстан Республикасының Білім Беруді дамыту тұжырымдамасында: «Орта білім беру міндеттерінің бірі – азаматтыққа, адамның құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарауға, елжандылыққа, Отанын сүйуге тәрбиелеу» екендігі көрсетілген. ҚР Білім туралы Заңы бәсекеге қабілетті отандық білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталған және мынадай міндеттерді шешуге арналған:

1) Әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге (интеграцияға);

2) Сапалы білім берудің қол жетімділік кепілдігін көтеруге; т.б.

«Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кіру міндеті – білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңарту, оқу технологиясын жетілдіру, білім беру сапасының ұлттық бағалау жүйесін дамыту жолдары арқылы шешіледі» - делінген. Өскелең ұрпаққа білім беру саласының негізгісінің бірі – жаратылыстану ғылымдары бағыты. Бұл бөлімге оқушының дүние танымдық көзқарасын қалыптастыратын география, биология, химия, физика, математика пәндері қамтылады. Осы аталған ғылымдарда қолданылатын негізгі түсініктер мен ұғымдар грек, латын, ағылшын, т.б. тілдерден енген терминдер. Себебі, жаратылыстану ғылымдарының қалыптасуына ежелгі гректің ұлы ойшылдарының, орта ғасырлық ғұлама ғалымдардың, сонымен қатар, негізінен АҚШ және батыс елдері ғалымдарының қажырлы, ізденімпаз еңбектерінің нәтижесінде қалыптасты. Биология ғылымының жүріп өткен жолында жоғарыда айтылған тарихи жолдың еңбегі ерен болған, мысалы, бір жасушаның толық зерттелуіне үш ғасыр уақыт кеткен, оның басты себебі, микроскоп құрылымының жетілуіне байланысты. Ежелгі грек шығармаларында адам денесінің барлық бөлімдері мен мүшелері алғаш рет сөз болады. Олардың көпшілігі қазіргі кезде медицинада өзгеріссіз

қолданылады: мысалы, gaster – асқазан, daktilos – саусақ, derma – тері, haima - қан, hepаr – бауыр, kardia- жүрек, neuron – жүйке, osteon- сүйек, pneumon – өкпе, т.б. көптеген осы сияқты атауларды тізіп жазуға болады. Биологиядағы көптеген мешенен жасуша, оның органоидтерін, ұлпалардың термин атауларын орта мектептерде оқытамыз. Бұл терминдер осы ғылымның зерттелу тарихында қалыптасып отырды. Мысалы, 1891 жылы неміс анатомы Х.Вальдейер жүйке жасушасына қолайлы атау іздеп, латынша nervus деп айтылатын түрі көңіліне қонбай, оның грек тіліндегі баламасы neuron – ды биология ғылымына енгізді. Осыдан келіп ғылымда жүйке жүйесі мен оның ауруларын зерттейтін медицинаның неврология саласы пайда болды. Ал, жүйке жүйесінің ауруы невроз деп аталды, осы терминдердің түбірі – neuron. Жүйке (нерв ауруы – невралгия (грек. «algos» - ауыру), одан келіп ауырсынуды басатын дәрі – анальгин термині пайда болды. Ал, ота жасайтын дәрігер хирург (грек «cheir» - қол + «ergon» - жұмыс) деп аталатыны белгілі, ал, жүйке жүйесіне ота жасаушы дәрігер нейрохирург деген атауға ие.

Адамзат тарихында ғылым мен білімнің қалыптасуына, дамуына көптеген табиғат зерттеушілер, ғалымдар, дәрігерлер, биология мен химия саласындағы ғалымдар өз зерттеулері, тұжырымдамалары нәтижесінде орасон зор үлес қосқанына тарихи деректер куә. Ғылымда терминологияның қалыптасуына ежелгі грек пәлсапасы және ғалымы Аристотель көп үлес қосқан. Оның шығармаларынан биология мен медицинаның ғылыми тіліне мына атаулар енді және күні бүгінге дейін қолданыста, мысалы: аорта, диафрагма, тоқ ішек, ұйқы безі, трахея, фаланга, т.б.

Ертедегі дәрігер Герофил да көптеген терминдердің авторы болып табылады, атап айтар болсақ – диастола, систола, мидың қыртысы, т.б. Ол тұңғыш рет аш ішектің бөлімі ретінде он екі елі ішек атауын қолданған. Медицинада оны duo-

denum (лат. «duodeni» - он екі) деп атайды. Ал, он екі елі ішектің қабынуы дуоденит (лат. «duodenum» + «itis» - қабыну) деп аталатынын білеміз.

Ежелгі грек дәрігері Цельс Авл Корнелий 1443 ж шыққан «Медицина жайлы» шығармасында латын лексикасының негізін жасады, ол сөздер аз ғана өзгеріспен толығымен XIX – XX ғғ ғылыми биология мен медицинаның сөздігіне енді: мысалы, анус – ішектің аналь тесігі, медулла – миль зат, окулюс – көз, тонзилла – бадамша без, вертебра – омыртқа, т.б. Латын тілінде vertere – айналу деген ұғым береді. Ал омыртқа жотасы оңға, солға, артқа, алға бұрылып қозғалуға мүмкіндік беретіндіктен омыртқа сүйек осы атауға ие болды.

Термин деген не? Оның кәдімгі сөздерден қандай айырмашылығы бар? Нәліктен термин сөздер қолданылуға қолайлы? Нәліктен әр ғылым саласында өз терминдік қоры қалыптасқан?

С.И.Ожеговтың орыс тілі сөздігінде термин сөзіне былай түсінік берілген: «Термин дегеніміз - ғылымның, өнердің немесе техниканың саласында белгілі бір ұғымды айқындайтын сөз немесе сөзтіркесі.» Егер шет тілдер сөздігіне жүгінсек, термин дегеніміз латынша «шек», «шекара» деген ұғымға саяды. Терминдер бір сөзден тұратын жай немесе екі не одан көп сөздерден тұратын күрделі болады. Күрделі терминдер қысқартылып қолданылады, мысалы ДНҚ, АТФ, РНҚ, НАДФ, т.б. Жай, ауыз екі сөздерден терминдердің айырмашылығы – термин сөздер белгілі бір ғылыммен тығыз байланысты болады және сол ғылым саласында қолданылады.

Қорыта келе, қазіргі ғарыштық дәуірде, орта мектеп қабырғасында отырған балаға әр мұғалім өз пәні бойынша соңғы ғылыми жаңалықтарды қамти отыра, терең білім бере білсе, еліміздің болашағына сөзсіз зор үлес қосқан болар едік.

**Алматы қаласы, Әуезов ауданы «№133 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,  
биология пәнінің мұғалімі –  
Алипова Раушан Ташеновна**